

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік  
кәсіпорны**

**Ішкі актілерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу  
ҚАФИДАЛАРЫ**

**Астана, 2022 ж.**

*КР БФМ «Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК  
президентінің 2022 жылғы №4 09  
№3 нұйғурызына №4 қосымша*

## **Ішкі актілерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ішкі актілерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 шілдедегі № 451 қаулысына сәйкес өзірленді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Академия) ішкі актілеріне сыйбайлас жемқорлық құрамдастарының мазмұны тұрғысынан сараптамаға бағытталған.

2. Ішкі актілерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу қағидаттары:

- 1) зандаудың;
- 2) обьективтілік;
- 3) толықтығы мен жан-жақтылығы;
- 4) ашықтық;
- 5) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың негізгі міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен мүмкіндіктерін обьективті және жан-жақты анықтау;

2) талдау субъектілерінің қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыйбайлас жемқорлық факторларын жою бойынша негізделген ұсыныстарды қалыптастыру.

4. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері – мемлекеттік органдың (жергілікті өзін-өзі басқару органының) міндеттерін іске асыруға нұқсан келтіруі, ал қоғамдық мүдделерге жеке мүдделер нұқсан келтіруі мүмкін сыйбайлас жемқорлық көріністерінің туындау ықтималдығы;

2) Сыйбайлас жемқорлық көрінісі – сеніп тапсырылған билікті жеке мақсатта теріс пайдалану;

3) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың қорытындысын шығара отырып, ішкі актілердің жобаларын оларда сыйбайлас жемқорлық нормаларын анықтау мақсатында зерттеу;

- нақты шарттар мен негіздерді белгілемей, құқықтар көлемін езгерту туралы шешімдер қабылдау кезінде негіzsіz кең өкілеттіктер белгілеу;
- ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «әдетте», «ерекше жағдайларда», «жекелеген жағдайларда» немесе «... шартымен» және т. б. сияқты түсініксіз, белгісіз мазмұндағы мұндай тұжырымдарды қолдану.

6) Ишкі актілердің коллизиясы

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- бір деңгейлі актілер арасында қайшылықтың болуы;
- негізгі және туынды ішкі акт арасындағы қайшылықтың болуы;
- НҚА ережелері мен ішкі актілердің арасында қайшылықтардың болуы.

7) Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- жеке (лауазымды) және занды тұлғаларға субъектілік құқықтары мен бостандықтарын тиісінше іске асыру үшін оларды орындауда қажеттілік жоқ міндеттерді жүктеу;
- ішкі актінің мәтінінде ашық, бас тарту үшін негіздемелер тізбесінің, басқа НҚА-да белгіленген бас тарту үшін негіздемелерге сілтемелердің, оның ішінде занға тәуелді сипаттағы сілтемелердің болуы;
- жеке (лауазымды) және занды тұлғаларға қолданыстағы НҚА- да көзделмеген құжаттарды, ақпаратты, анықтамаларды, өтініштерді және т. б. ұсыну міндеттін жүктеу;
- жоба мәтінінде «бұлыштыр», бас тарту үшін субъективті-бағалау негіздерінің болуы.

8) Зандық-лингвистикалық белгісіздік

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- ішкі актінің мәтінінде юриспруденцияда анықталмаған терминдерді немесе екі мағыналы сөз тіркестерін және сөз айналымдарын пайдалану. Оның ішінде: «орынды», «шектік жағдайларда», «ақылға қонымды мерзімде», «қысқа мерзімде», «ұзақ мерзімде», «белгілі бір жағдайларда», «жеткілікті негіздерде», «шектелмеген уақыт», «өзге атаулар (жағдайлар, шарттар, тәртіп, рәсімдер)», «және т.б.», «басқалары...», «тағы да сол сияқтылар...», «басқа нұсқалар», «қолданғаны дұрыс», «кейбір жағдайларда жол беріледі (рұқсат етілген)» және т. б.

- ішкі актілердің мазмұнында құбылысты, оқиғаны, фактіні әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін түсініксіз, белгісіз мазмұны бар бағалау сипатындағы ұғымдар мен тұжырымдардың болуы;

- бір ішкі актінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында оларды құқықтық тұрғыдан әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік беретін мағыналық айырмашылықтардың болуы;

- жеке және занды тұлғалардың занды жауапкершілігін белгілейтін нормаларда белгісіздіктің, түсініксіздіктің және міндетті еместіктің болуы.

9) Басқа да сыбайлас жемқорлық факторлары:

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың қорытындысы – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген, ішкі актілердің жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген сараптаманың нәтижелерін көрсететін жазбаша құжат;

5) Сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормалар – сыбайлас жемқорлық факторлары бар нормалар.

## **2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізудің мақсаттары**

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманың негізгі мақсаты Академияның қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

6. Ішкі актілер жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы:

1) актілердің жобаларында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормалар) анықтау;

2) анықталған сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормаларды жоюға бағытталған ұсынымдарды өзірлеу.

7. Ішкі актілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы күші жойылған және күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілер бойынша, сондай-ақ оларға қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілген (егер бұдан әрі осы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілмеген жағдайларда) нормативтік құқықтық актілер бойынша жүргізілмейді.

## **3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама**

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманы Академияның Құқықтық қамтамасыз ету және персоналды басқару қызметі жүргізледі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама Құқықтық қамтамасыз ету және персоналды басқару қызметіне ішкі актінің жобасы мен оған материалдар ұсынылған күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізледі.

10. Академияның қызметін қозғайтын ішкі актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормалар анықталады.

11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалардың сәйкестендіру белгілері:

1) Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің, шарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерінің ұзақтығын белгісіз кезеңге не мерзімдерді ұзартудың нақты шарттарын белгілемей үлғайту мүмкіндігі;

- шешім қабылдаудың (іс-әрекет жасаудың) негізсіз кең уақыт ауқымын белгілеу;

- шешім қабылдау (іс-әрекет жасау) мерзімдерін есептеу сипатына нұсқаудың болмауы;

- шарттарды (негіздерді) дәл айқындаусыз қандай да бір шешім қабылдаудың бірнеше нұсқаларының болуы;

- ішкі актіде «бойы», «ақылға қонымды мерзім», «тиісті мерзім», «белгіленген мерзім (кезең)», «егер ол басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленбесе» деген тұжырымдамаларды және басқа да осыған үқсас айқындалмаған тұжырымдамаларды пайдалану.

2) «Құқылы» формуласы бойынша құзыреттілікті айқындау

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- ішкі актінің нормалары мен ережелерінде «құқылы», «мүмкін» және т. б. тұжырымдарын қолдану;

- ішкі актінің мәтінінде өкілеттікті тек құқық ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы (яғни белгілі бір жағдайларда оны жүзеге асырмау);

- ішкі актінің мәтінінде құқықты белгілі бір әрекеттерді жасау міндеті ретінде емес, мүмкіндік ретінде түсіндіретін ережелер мен нормалардың болуы.

3) Реттеудегі олқылықтың болуы

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- мәртебелік нормалардың болмауы (егер олар болу керек болса);

- қызыметтің қандай да бір түрін регламенттеуге, ұйымға бекітілген функцияны іске асыруға қатысты нормалардың болмауы;

- мінез-құлық қағидаларының және қойылатын талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асырудың болмауы.

4) Әкімшілік рәсімдердің болмауы немесе толық емес болуы

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- әкімшілік рәсімнің түпкілікті нәтижесін алуға бағытталған бизнес рәсімдердің және/немесе дәйекті іс-қимылдардың (*кезеңдердің*) тізбесінің болмауы;

- ұйымның (лауазымды тұлғаның) шешім қабылдауы үшін регламенттелген негіздердің болмауы;

- жеке және занды тұлғалардан өтініштерді қабылдау кезінде қабылдауға немесе бас тартуға занды негіздерге негізделмеген субъективті тәсілдердің болуы.

5) Құқықтар көлемін таңдамалы өзгеруі

*Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:*

- құқықтар көлемін өзгерту туралы шешімдер қабылдау шарттарының, өлшемшарттарының немесе негіздерінің болмауы немесе белгісіздігі;

- конкурстық (аукциондық) рәсімдердің болмауы;
- қызметкердің құқық бұзушылық үшін жауапкершілігінің болмауы;
- бақылаудың, оның ішінде қоғамдық бақылаудың болмауы;
- талдау субъектісі (олардың өкілдері) мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы тікелей байланысты заңдастыратын нормалардың болуы;
- тиісті өкілеттіктерді заңнамалық беру болмаған кезде ішкі актінің көмегімен заңнамалық олқылықтарды толтыру.

12. Ішкі актіде сыйайлас жемқорлық факторлары болмаған жағдайда, актіге Құқықтық қамтамасыз ету және персоналды басқару қызметінің қызметкери бұрыштама қояды.

13. Актіде сыйайлас жемқорлық факторлары анықталған кезде Құқықтық қамтамасыз ету және персоналды басқару қызметімен Сыйайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды, онда жобаның құрылымдық бірліктерін (бөлімдерін, тармақтарын, тармақшаларын, абзацтарын) көрсете отырып, барлық анықталған сыйайлас жемқорлық факторлары көрсетіледі. Қорытындыда анықталған сыйайлас жемқорлық факторларын жою жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі.

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

14. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды актіні дайындауға жауапты құрылымдық бөлімшеде міндетті түрде қаралуға тиіс.